

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Ботақан» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Сарсенбек Гулмира Арапбаева Гүлнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	13.03-17.03.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту».				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды үйрету. (еңбек дағдылары)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетігін туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары)

				ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	
	«Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына". Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау. (танымдық дағдылар)	"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай,	Ұлттық ойын. Бес тас «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.	"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту. (жапсыру)

			шеберде отырған кез келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын тандайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)	Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. (математика негіздері)	
--	--	--	---	--	--

Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде 1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу. 1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді; 2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде 3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді; 3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа). 4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен,

	Қолды жуып жүремін. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Наурыз тойын бастайық, Жақсы тілек айтайық. Дастархандар жайылсын,	«Салт-дәстүрлер» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнмен бірге тұрамыз , Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн!	Фольклор туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

		Қуанышты той болсын. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		Көңілді біз тұрамыз. Күлім қағып қолымды, 1,2,3 деп соғайын. (сөйлеуді дамыту)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Футбол ойыны". Мақсат-міндеттер: балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.	Қазақ тілі "Азық-түліктер. Наурыз көже дайындаймыз." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы	Дене шынықтыру "Аю сияқты алақан мен табанды тіреп еңбектеу". Мақсат-міндеттер: балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібірттік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету.	Музыка "Әжеміздің әні тамаша". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Тауға шыққан альпинисттер". Мақсат-міндеттер: балаларды бытырап жүргізу; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуге үйрету.

		түсініктерін нақтылау. Балаларға азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу. Музыка "Бесік жыры". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып,			
--	--	--	--	--	--

		сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау. Балаларға бұлтты бақылауды	Қарды, қар түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (қар) Өлең. Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып	Қар суын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) Бақылау. Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің	Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) Бақылау. Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін	Күннің шұғыласын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) Бақылау. Күннің шұғыласын бақылау, балалардың

	үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру) Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. Еңбек. Өсімдіктердің топырағын қопсыту. (еңбек дағдылары) Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге	жылылық. Әнін тыңдап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. Бақылау. Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал». (дене	қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суы айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене шынықтыру) Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар.	қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру) Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп	ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене шынықтыру) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. Еңбек. Жолдарды қардан тазарту. (еңбек дағдылары) Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. Өз бетімен ойындар.
--	---	--	---	---	--

	үйрету. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Өткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек.	шынықтыру) Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. Еңбек. Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Спорт алаңындағы ойындар. (дене шынықтыру) Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету.	Қар бетіне сурет салу. (сурет салу) Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.	кетсе, сол ойыннан шығады. Еңбек. Аула маңын қоқыстан тазарту. (еңбек дағдылары) Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру) Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.	Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. (дене шынықтыру)
--	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	«Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Пойыз» ойын жаттығулары. (дене шынықтыру)
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Тұмарша". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздың бетіне тұмарша үшбұрышын салып, сұлбасы іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру тәртібіне үйрету; "ирек", "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын ұштау; тұмаршаны қосымша бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген	Құрастырудан ойын-жаттығу "Үй жиһаздары". Мақсат-міндеттер: балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету. «Арқан тартыс» дидактикалық ойыны. «Арқан тартыс» ойынының негізгі шарты 2 топтың сынасуы болса, қазақ тілі сабағында 2 топ білім сынасады. Мұны былай жасадым: жуандығы 2 елідей ұзын жіпті тақтаның жоғарғы жағына 2 шегеге іліп, ұштарын теңестіріп	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, "жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалыдарын көрсету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бәйшешек". Мақсат-міндеттер: балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Алдар Көсенің мерекелік сыйлары". Мақсат-міндеттер: балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жиынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру. Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Ұлттық әшекейлер". Мақсат-міндеттер: қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; тұзды қамырдан мүсіндеуге және бұйымдарды қосымша	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Баланы қырқынан шығару". Мақсат-міндеттер: балаларды "Баланы қырқынан шығару" рәсімімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. Ұлттық ойыны. Сиқырлы таяқ Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты
---	---	---	---	---	--

	қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға	қоямын. 2 топтан бір оқушыдан шығып, бір мезгілде мақал-мәтелдерді тоқтамай айтып шығады. Қай топтың оқушысы бұрын шығарса, жіптің ұшын өзіне қарай тартады. Нәтижесінде арқан қай топқа қарай көп жылжыса сол жеңеді деп есептеледі. Бұл ойынды барлық пәндерге қолдануға болады. (дене шынықтыру)	болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету.	бөлшектермен безендіруге, өрнекті қырнауыштың көмегімен бедерлер түсіру арқылы толықтыруға үйрету.	бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.
--	--	--	---	---	---

	орамалды тигізе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. (дене шынықтыру)				(дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. (математика негіздері)	Саусақ жаттығуы. Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) (сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаштар жаттау. Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Наурыз" өленің жаттау. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап". Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.

					2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға және солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;				

	- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету:

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)
--	--

	Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту».	Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.	Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет.	«Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба.	Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**